

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HPQ17977>

**\*Қ. Е.Тілеу**

Л. Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

\*e-mail: [kara-191@bk.ru](mailto:kara-191@bk.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-6642-7157>

## **ТІЛ БІЛІМІ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ СТИЛЬ**

*Мақалада стиль құбылысы ғылыми проблематика ретінде қарастырылған. Бұл мәселе бойынша жазылған еңбектердегі ғылыми идеяларды және тұжырымдарды салыстыру барысында стиль құбылысының лингвистикадағы және поэтикадағы нақты болмысын таңуға болады. Автор бұл мәселенің өзекті теориялық және әдіснамалық қырларына мән берген. Стиль өзінің табиғатына орай жалпыфилологиялық құбылыс ретінде қарастырылған. Тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарындағы стиль мәселесінің тілдік және әдеби тұрғыдағы ғалымдардың пікірлері мен оған берілген ғылыми анықтамалар негізге алынып, тұжырымдар жасалған. Оның ішінде, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері келтірілген. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлының, Г. Вишюков, М. Поляков, тағы басқа ғалымдардың теориялық еңбектерінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларына сүйендік. Мақалада салыстырмалы, критикалық талдау әдістері қолданылды. Стиль және одан өрістейтін стилистика мәселелері көркем мәтінді таңудың негізгі компоненттерінің қатарында деуге болады. Осы жүйені толық ғылыми тұрғыдан таңу және түсіндіру үшін оны түзетін негізгі тілдік және көркемдік құбылыстар мен элементтерді саралау қажет. Сондықтан да стиль ұғымын толық түсіндіру үшін тіл білімі мен әдебиеттанудағы оның көрінісін тұтас бірлестікте қарастыру қажет. Сипатына орай көркем мәтіндегі стильдің бірнеше қабаттары көрсетілген. Мақаладағы ғылыми қорытындылар көркем шығармалар негізінде орындалып, қажетті салыстырулар жүргізілген.*

*Кілтті сөздер: тіл, әдебиет, мәтін, стилистика, лексика, стиль, жүйе, автор образы.*

## **Кіріспе**

Жалпы мәтіннің, оның ішінде көркем мәтіннің табиғатын толық түсіну үшін оның стильдік ерекшеліктерін білудің маңызы айрықша. Ол үшін тіл біліміндегі және әдебиеттану сияқты ғылымдардағы стиль ұғымын толық танып, оны құрастырушы өзіндік компоненттерін айқындау қажет. Сонда ғана стиль арқылы жеке авторлардың да, әдеби мәтіндердің де табиғатын тани аламыз. Бұл ғылыми мәселелерді толық білу үшін осы бағыттағы зерттеулер қорытындылары сарапталады. Бұл мәселе бойынша жазылған еңбектердегі ғылыми идеяларды және тұжырымдарды салыстыру барысында стиль құбылысының лингвистикадағы және поэтикадағы нақты болмысын тануға болады.

## **Материалдар мен әдістері**

Бұл еңбекті жазу барысында стиль және стилистика туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Бұл тақырып жөнінде ғылыми зерттеулер өте көп. Біз еңбекті жазу барысында лингвистика мен поэтика шегінде стильді қарастырған авторлардың зерттеулеріне мейлінше мән беріп, соларды қарастырдық. Атап айтқанда, А. Байтұрсынұлының, Г. Винокур, М. Поляков, тағы басқа ғалымдардың теориялық еңбектерінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларына сүйендік. Мақалада салыстырмалы, критикалық талдау әдістері қолданылды.

## **Нәтижелер және талқылау**

Жалпы, филология ғылымында стиль ұғымы жөнінде ортақ ғылыми түсініктің, ғылыми ортада қабылданған маңызды ортақ шешуші ғылыми позициялары мен тұжырымдардың қалыптаспауы көркем шығарманы стилистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу барысында туындайтын ең бірінші мәселе. Бұл – қазақ тіл білімінде әсіресе байқалатын ғылыми құбылыс. Отандық ғылымда функционалды стильдерге, ақын-жазушылар шығармаларының стиліне байланысты оқу құралдары, оқулықтар және зерттеулер болса да, стиль сияқты аса маңызды мәселеге қатысты теориялық еңбектердің аздығы байқалады. Бұл өз кезегінде стильге, стилистикаға қатысты терминологиялық жүйе, ұғым-түсініктердің нақты зерттелмеуіне әсер етеді.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралдарында, оқулықтарда және ғылыми зерттеулерде стиль, стилистикаға нәтижелі ғылыми көзқарастар қалыптасқанын жақсы білеміз. Жалпы стилистика, грамматикалық стилистика салаларында бірқатар ілгерілеушілік бар. Көркем әдебиет стилистикасын зерттеуде де ізденістер баршылық. Отандық тіл білімінде, әдебиеттануда және эстетикада стилистика бағытында қарастыруды қажет ететін мәселелер баршылық. Тіпті ең негізгі ұғым «стиль» терминіне енетін түсініктер ауқымын, лингвистикадағы стилистика мен әдеби

ұғымдағы стилистика арасалмағын, стильді жасайтын элементтердің мәнін анықтау – өзекті мәселе. Бұл бағытта шетелдік лингвистикада, поэтикада және эстетикада ғылыми мәні жоғары еңбектер көптеп саналады.

Әрбір түзілген мәтіннің өзіндік бітімі бар десек, көркем ойлаудан туған әдеби шығарманың осындай болмысы тіпті айрықша. Мұнда тіл көркем ойлаудың жемісі болады да, соған орай ол бір жағынан лингвистиканың, екінші жағынан әдебиеттанудың да нысаны болады. Сондықтан осындай мәтіндердегі аса маңызды стиль сияқты құбылысты лингвистика мен поэтиканың шегінде қарастырудың көптеген алғышарттары бар. Біріншіден, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін тілдік компоненттер болуымен қатар, көркем шығарманың стильдік құрылымын түзетін формалық компоненттері де. Осындай ортақ компоненттер оларды сөзсіз соған орай ортақ зерттеу объектісіне топтастырады. Екіншіден, жалпы филология сияқты зерттеу бағытының екі негізгі арнасының ортақ мәселесі болуы, кейбір ұқсастықтарды қалыптастырады. Үшіншіден, лингвистикалық, поэтикалық тұрғыдан келгенде, әрқайсысының негізгі мақсаты мен міндеттері айқындалмаған.

Әрі лингвистикалық, әрі поэтикалық құбылыс ретінде стиль екі салаға да тікелей қатысты жалпы филологиялық мәнде қолданылатыны ғылыми ортаға белгілі. Осындай жалпылық мәндегі стильді ғылымның әр саласына сай нақты терминдермен ажырату және әрқайсысына дұрыс анықтамалар беру бұл мәселені шешуге өзіндік көмегін жасайды. Сонда ғана бұл ғылыми маңызды мәселені толық түсінуге қол жеткіземіз.

Сөз өнерінде көркем мәтіннің түзілуі қандай да бір алдымен идеялық кадам болса, осыдан соң ол эстетикалық мағына тудыру үдерісіне ұласады. Сондықтан көркем шығармадағы стиль лингвистикаға қарағанда поэтикаға жақын. Дәл осы мәселе жөнінде Г. Винокур әдеби стильдің лингвистикадан тыс сипаты туралы: «Тіл көркем – өнер ауқымында бола отырып, тек стилистикалық айшықтаулар болудан қалады да, екінші образдық ақиқатқа айналады» – деп жазады [1, 247-б.]. Мәселе осы «образдық ақиқатты» қандай тілдік-стильдік бірліктер қалыптастырды деген сұраққа жауап беруде болмақ. Ол үшін тілдің әлеуетінен туындайтын стильдік мүмкіндіктері саралануы қажет. Себебі тіл өз табиғатында тек бір ғана нормативті мағынада емес, кең өрісті семантикада қолданылады. Осы өріс арқылы әр алуан стильдік қолданыстар пайда болады. Міне, осы күрделі тілдік-стильдік құбылысты тіл білімінің немесе әдебиеттанудың шегінде ғана емес, осы екі ғылымның ортақ шекарасында қарастыру қажет. Әлбетте, бұл арада тілдің де, әдебиеттің де әлеуетін жақсы ұғынған абзал.

Көркем мәтінді зерттеуші И. Лапинская: «Мәтін стилі архитектуроникада көрінетін тілдік ресурстар мен сөйлеуді эстетикалық жағынан игереді де, көркем мәтіннің тұтастығын қалыптастырады және мәтіннің мағынасын

айқындайды» – деп жазады [2, 6-б.]. Яғни тілдік бірліктер көркем мәтінде эстетикалық мағына мен түрге ие болып, тұтас мәтіннің мазмұны мен құрылымын түзеді.

Стиль мәселесін сөз ету барысында тағы бір аса маңызды жайтқа назар аударамыз. Бұл көркем шығармадағы әдеби стиль ауқымында автордың суреткерлік танымының бейнеленуі.

Көркем әдебиетте мәтін белгілі бір компоненттерден тұратын жүйені түзеді. Оның экспозициясы, шешімі бар, қисынға құрылған тілдік жүйе, көркем әдебиет ауқымында қарасақ эстетикалық жүйе. Мәтіндегі осы тілдік жүйенің макробөлшегі бола отырып, стиль өзінің табиғатына орай қисынды макрожүйе түзеді. Дәл осындай макрожүйе лингвистикалық стилистикада кем дегенде екі арнаны құрайды. Біріншісіне, біздің ойымызша, тілдің функционалды стильдері енеді. Айталық, кеңсе ісқағаздары стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ауызша сөйлеу стилі, көркем әдебиет стилі деген сияқты. Стильдік зерттеу жүргізудегі кедергілер екінші түрдегі стилистикамен сабақтас. Оны орыс оқымыстысы В. Виноградов кезінде көркем әдебиет тілінің негізгі пәні ретінде атаған [3]. Функционалды стильдерді жіктеу мен жүйелеуде тілдің қолданылу аясы негізге алынса, көркем әдебиет стилистикасында мұндай жүйелеу жасалмаған.

Жалпы, лингвистикалық стилистика мен әдеби-поэтикалық стилистиканың айырым белгілерін айтқанда, олардың зерттеу объектілері мен зерттеу аумағын межелеп алған дұрыс. Жоғарыда айтқанымыздай, әдеби стиль ауқымына шығарманың тілдік, көркемдік ерекшеліктерімен бірге жанрлық-композициялық, тақырыптық, идеялық мазмұны да енеді. Тілдік стилистика функционалды стильдерді топтастыру, жүйелеу, зерттеумен бірге, ол тілдік құбылыстарды тағы да бірнеше бағытта зерттейді. Стилистика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп, лингвистикалық мағынадағы стилистиканың негізгі зерттеу міндеттерін былайша көрсетеміз: 1) стилистикалық нормаларды анықтау; 2) тіл стилистикасы мен сөз стилистикасының арақатынасын айқындау; 3) стиль тудыратын тіл компоненттерін тарихи тұрғыдан таныту; 4) дыбысталу, яғни фонетикалық элементтердің стилистикалық ерекшеліктерін көрсету; 5) морфологиялық тұлғалардың стильдік реңк тудыру мүмкіндіктерін саралау; 6) сөйлем конструкцияларының стиль жасау сипатына баға беру; 7) лексикалық бірліктердің стилистикасын зерттеу; 8) жеке авторлардың стилін саралау; 9) диахрониялық және синхрониялық құбылыстарды айқындау т.б. Осы мәселелер кешенді түрде қарастырылар болса, онда біз лингвистикалық стилистикада нақты маңызды нәтижелерге жетеміз.

Тілге де, әдебиетке де қатысты стиль мәселесін сөз еткенде және бір құбылысқа назар аударамыз. Егер біз тілді номинативті мағынасындағы сөздер

жиынтығы десек, онда әдеби мәтін шығармашылықпен ұйымдастырылған, арнайы түзілген сөздердің құрылымы болмақ. Осы ретте американдық зерттеуші Стенли Фиш «message-plus-definition», «message-minus-definition» терминдерін қолданады. Бірінші термин бойынша көркем әдебиет тілге қосымша ақпарат берсе, келесі термин бойынша көркем әдебиет тілді өзгертеді, сол арқылы дамытады [4, 103–104-бб.].

Жалпы филологияның тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары саласында стиль, стилистикаға қатысты әртүрлі кейде қарсы пікірлерге ұласып, шешімін таппай жатқан мәселелерді мыналардан көруге болады. Біріншіден, филология ғылымының зерттеу объектісі ретінде стиль, стилистика жайындағы пікірлердің жинақталу, қалыптасу үдерісінде әр алуан ғылыми ойлар кездеседі. Екіншіден, мәтіндегі тілдік деректердің әдеби құбылыстарымен сабақтастығын, сондай-ақ көркем әдебиеттің ең негізгі материалы тіл екендігіне бірқатар еңбектерде ғылыми тұрғыдан мән берілмеген. Осылардың нәтижесінде бұл мәселені яғни стиль мен стилистиканы тек лингвистика ғылымына ғана қатысты деуге дейін барды. Үшіншіден, стиль және стилистика ұғымдарының мейлінше анық, айқын ғылыми сараланбауы жалпы бұл мәселелердің көп қабаттылығынан және ғылыми күрделілігімен де байланысты. Стиль мәселесін қарастыру кезінде біздің ойымызда бұл құбылыс тілдік және әдеби үдерістер шегінде екені болуы тиіс. Сонда ғана зерттеулер мейлінше қажетті нәтиже бермек. Яғни стильді зерттеуші лингвист ғалым әдебиеттің көркемдік өрісін білуге тиіс болса, әдебиетші ғалым көркем мәтіндегі тілдің әлеуетін аңғаруы қажет.

Белгілі бір авторға тән тілдік кестенің келесі бір авторлық мәтіннен басқаша болатыны түсінікті. Мұндай авторлық даралықты ұлттық ғылымда Ахмет Байтұрсынұлы аңғарып, «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сипаттаған болатын. Осы аталған оқулығында қазақ филологиясының негізін салушы: «Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзгеше құрастырып, өз оңтайымен тізеді, өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады... Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатынша үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яғни лұғат белгісі болады» – деп жазған еді [5, 141–142-бб.]. Осыдан барып стиль мен стилистиканы қарастыру үдерісінде, оның ішінде, әдеби мәтін стилистикасы ауқымында сөз шеберінің ортақ стильдік ерекшеліктерін табу мен тануда нелерді негізге алу, неге айрықша назар аудару керектігі аса маңызды деп ойлаймыз. Жалпы «Әдебиеттанытқыш» оқулығы көркем шығарма мен әдеби дамудың көптеген бағыттарын айқындады. Бұл туралы алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы: «... әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой,

әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені» – дейді [6, 49-б.].

Көркем мәтіндегі стильді түзетін компоненттер жөнінде пікірлер сан алуан. Олардың қатарында дүниетанымдық, яғни философиялық, психологиялық және эстетикалық факторларды негізгілер деп таныған дұрыс болмақ. Қандай да болсын автор белгілі бір дүниетаным иесі. Сөз таңдауы, жалпы сөз қолдануы, сол арқылы мәтін түзуі, сөз жоқ, ата-ана өнегесінен, білімінен, өскен ортадан, солар арқылы қалыптасатын адам жеке ойлау үдерісінен өрістемек. Дәл осы құбылысқа тіл мен ойлаудың бірлігін айтсақ, онда көп жайдың сыры ашылмақ деп ойлаймыз. Бұл жөнінде көркем мәтіндегі бейнелілік, стиль жалпы әдеби мәтін түзетін компоненттерді толымды қарастырған М. Поляков стильге тікелей қатыстырып: «Жазушының қабілет-бейімі, әсершілдігі, психологиялық жан жүйесі тілде әдеби мәтіннің белгілі бір стильдік жүйесін түзеді» – дейді [7, 98-б.]. Бұл – стильді зерттеуде басшылыққа алынатын әдіснамалық ұстаным.

Дара авторлық суреткерлік көзқарас пен таным көркем шығармада бейнелілік тудыра отырып, сол автордың стильдік жүйесін де жасайды. Дәл осындай аралықта поэтика мен лингвистикадағы стилистикаға қатысты зерттеулердің өзіндік межелері де айқындалады. Дәлірек, әдеби шығармадағы бейнелілікке байланысты компоненттерді әдебиеттанудың арналы саласы ретінде поэтика зерделесе, бейнелілікті түзетін лингвистикалық көрсеткіштерді, әлбетте тіл білімінің стилистикасы қарастырады. Осыдан көркем шығармадағы бейнелілік оның идеялық мағынасын көркем бейнелеу жолы болатын болса, тілдік-стильдік құрылымы мағынаны беруді іске асыру жолы болады да, стилистикада қашанда лингвистикалық стилистика алғашқы, бастапқы орында тұрады. Өйткені сөз өз табиғатына орай тілдік түрленулер арқылы бейнелі, көркем контекске айналады. Тілдік жүйе және көркемдік жүйе жасайтын стильдің өзіне келетін болсақ, оған біржақты, ортақ анықтама беру қиын. Бұл арада ең алдымен, көркем мәтіндегі, тіпті кез келген мәтіндегі сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемді стиль түзуші компоненттер деп тануға бола ма, жазушы немесе айтушы стилі кез келген тілдік формалардан көріне бере ме деген табиғи сауал шығады. Стилистиканы лингвистика және поэтика шегінде қарастырған В. Виноградов: «Стиль дегеніміз – санадан өткерілген, қызметі айқындалған жалпыхалықтық, жалпыұлттық тілдің белгілі бір саласы, тілдік тәсілдердің сұрыпталған және жүйеленген жиынтығы» – деп жазады [8, 73-б.]. Егер бұл пікірге қосылар болсақ, онда стильдің құрамына белгілі ішкі тәсіл арқылы жасалған сөз қолданыстарының қандай да болсын сұрыпталған, өзара тіркескен жиынтығы жатпақ.

Лингвистикалық стилистика да, жалпы тіл стилистикасы сияқты, белгілі дәрежеде көркем әдебиет стилистикасының материалы бола алады.



Алайда, бұлар қолданылу ерекшеліктеріне орай өздерінің стильдік-тілдік аясын қалыптастырады. Айталық, көркем әдебиет стилистикасы жөнінде арнайы зерттеген Б. Шалабай: «Әлемдік тәжірибеде көркем әдебиет тілі үш қырынан немесе үш түрлі аспектіде алынып зерттеліп келеді: тілдік, стилистикалық, көркем-эстетикалық. Алғашқы қырынан алғанда, көркем әдебиет тілі таза тілдік тұрғыдан зерттеледі, яғни жалпыхалықтық не әдеби тілдің белгілі бір кезеңінің тілдік сипатын анықтауға қажетті материал ретінде қарастырылады. Екінші қырынан алғанда, әдеби тілдің функционалды стильдерінің ішіндегі ең бір күрделісі – көркем әдебиет стилінің қырсырын ашу көзделеді. Үшіншіден, көркем әдебиет тілі көркем шығарманың көркем-бейнелі болмысын ұйымдастырушы маңызды компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады» – дейді [9, 4-б.]. Стиль мен стилистиканың осындай құбылыстары туралы қазіргі кезде отандық және шетелдік ғалымдар үнемі және белсенді, өнімді жазуда.

Қазіргі кезеңде стиль мен стилистикалық зерттеулерде автормен байланысты зерттеу бағыты қалыптасқан. Лингвистика мен поэтикадағы стилистикасындағы осындай өрісті де зерттеу бағыты – автор образы категориясымен байланыстырыла қарастырылуда. Әдеби мәтіндегі автор бейнесі қаламгердің дербес стилін көрсетуде үлкен орынға ие, себебі мәтіндегі тілдік құрылым автордың ойлау жүйесімен тікелей сабақтас. Автордың ойлау жүйесіндегі дара көзқарасы әсіресе жанрлардың ішінде лирикаға тән. Сондықтан дара стильді айқындау үдерісінде прозаға қарағанда лириканың субъективтілігі шешуші маңызға ие екенін ғалымдар атап өтуде. Оны біз жалпы көркем шығарманың композициясынан, сөйлем құрылысынан тілдік қолданыстардың эстетикалық өрісінен танимыз.

Тілдегі және көркем әдебиеттегі стильге жалпыфилологиялық құбылыс ретінде қараған Н. Д. Тамарченконың зерттеуі бойынша ол мәтіндегі жалпы құрастырушы және ұйыстырушы негізгі компонент. Соған орай ол «Әдебиет теориясы. Көркем дискурс теориясы. Теориялық поэтика» еңбегінде стиль жөнінде: «... фонетикалық, лексика-синтаксистік т.б. ерекшеліктердің тұтас және эстетикалық жағынан бағытталған, реттелген» құбылыс ретінде бағалайды [10, 456-б.].

Жалпы филологиядағы лингвистика мен поэтика салаларында стиль, стилистика ұғымдары ілгеріде баяндағанымыздай, екі салаға да тікелей қатысты жалпы және жеке категориялар дей отырып, бұл мәселелерді зерттеу барысында әрқайсысының табиғатына орай жалпылық және жеке тұрғыдан да қарастырған дұрыс, сонда ғана біз ғылыми тақырыптың нәтижелі болуына қол жеткіземіз.

### Қорытынды

Стиль және одан өрістейтін стилистика мәселелері көркем мәтінді танудың негізгі компоненттерінің қатарында деуге болады. Себебі мәтіндегі жекеленген сөз қолданысынан бастап тұтас көркем шығармаға дейін белгілі бір жүйені құрайды. Осы жүйені толық ғылыми тұрғыдан тану және түсіндіру үшін оны түзетін негізгі тілдік және көркемдік құбылыстар мен элементтерді саралау қажет. Сондықтан да стиль ұғымын толық түсіндіру үшін тіл білімі мен әдебиеттанудағы оның көрінісін тұтас бірлестікте қарастыру қажет.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Винокур, Г.** Маяковский – новатор языка. Москва : Советский писатель. – 1943.

2 **Лапинская, И. П.** Архитектоника стиля русского художественного текста. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Воронеж. – 2013.

3 **Виноградов, В.** Итоги обсуждения вопросов стилистики // «Вопросы языкознания». – № 1. – 1955.

4 **Fish, S.** Is There a Text in This Class? The Authority of Interpretive Communities. Cambridge (Mass.), Harvard UP. – 1980. – P. 103–104.

5 **Байтұрсынұлы, А.** Таңдамалы. Алматы. – 2022. – 222 б.

6 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш ағартушылығы және Ахмет Байтұрсынұлы құбылысы // Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі. Халықаралық-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы. – Нұр-Сұлтан. – 2022. – 300 б.

7 **Поляков, М.** Вопросы поэтики и художественной семантики. – Москва : Советский писатель. – 1978.

8 **Виноградов, В.** Проблемы русской стилистики. Москва : Высшая школа, 1981.

9 **Шалабай, Б.** Көркем әдебиет стилистикасы. Республикалық баспа кабинеті. – 2012.

10 **Тамарченко, Н. Д., Тюпа, Н. И., Бройтман, С. Н.** Теория литературы. Теория художественного дискурса. Теоретическая поэтика. Москва : Академия. – 2004. – 520 с.

### References

1 **Vinokur, G.** Mayakovskii – novator yazyka [Mayakovsky is an innovator of the language]. Moscow : Soviet writer, 1943.

2 **Lapinskaya, I. P.** Arhitektonika stilya russkogo hudozhestvennogo teksta [Architectonics of the style of the Russian literary text]. Abstract of the dissertation for the degree of Doctor of Philology. Voronezh, 2013.

3 **Vinogradov, V.** Itogi obsuzhdeniya voprosov stilistiki [The results of the discussion of stylistic issues]// «Questions of linguistics». № 1. – 1955.

4 **Fish, S.** Is There a Text in This Class? The Authority of Interpretive Communities. Cambridge (Mass.), Harvard UP, 1980. – P. 103–104.

5 **Baitursynuly, A.** Tandamaly [The chosen one]. Almaty, 2022. – P. 222.

6 **Kamzabekuly, D.** Alash ahartushylyghy zhane Ahmet Baitursynuly kubylysy [Alash enlightenment and the phenomenon of Akhmet Baitursynuly]// Akhmet Baitursynuly – the spiritual leader of Alash. Collection of materials of the international scientific and practical conference. Nur Sultan, 2022. – P. 300.

7 **Polyakov, M.** Voprosy poetiki i hudozhestvennoi semantiki [Questions of poetics and artistic semantics]. Moscow : Soviet writer, 1978.

8 **Vinogradov, V.** Problemy russkoi stilistiki [Problems of Russian stylistics]. Moscow : Higher education, 1981.

9 **Shalabai, B.** Korkem adibiet stilistikasy [The style of fiction]. The Republican Printing Office. 2012.

10 **Tamarchenko, N. D., Tyupa, N. I., Broitman, S. N.** Teoriya literatury. Teoriya hudozhestvennogo diskursa. Teoreticheskaya poetika [Theory of literature. The theory of artistic discourse. Theoretical poetics]. Moscow : Academy, 2004. – P. 520.

07.06.24 ж. баспаға түсті.

22.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Қ. Е. Тілеш

Евразийский национальный  
университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 07.06.24.

Поступило с исправлениями 22.07.24.

Принято в печать 26.08.24.

## СТИЛЬ В ЛИНГВИСТИКЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

*В статье рассматривается явление стиля как научная проблематика. Сопоставляя научные идеи и выводы в работах, написанных по этой проблеме, можно осознать истинную природу*

*феномена стиля в языкознании и поэтике. Автор уделит внимание актуальным теоретическим и методологическим аспектам данной проблемы. Стиль по своей природе рассматривается как общефилологическое явление. Сделаны выводы и приведены научные определения, основанные на мнениях ученых в области языка и литературы. В том числе, представлены труды зарубежных и отечественных ученых. В частности, мы опирались на научные результаты и выводы теоретических работ А. Байтурсынулы, Г. Винокура, М. Полякова и других ученых. В статье использованы методы сравнительного и критического анализа. Можно сказать, что вопросы стиля и вытекающей из него стилистики входят в число основных составляющих узнавания художественного текста. Чтобы полностью осознать и объяснить эту систему с научной точки зрения, необходимо дифференцировать основные лингвистические и художественные явления и элементы, входящие в ее состав. Поэтому, чтобы полностью объяснить понятие стиля, необходимо единообразно рассмотреть его выражение в языкознании и литературе. По описанию, в художественном тексте представлены несколько видов стиля. Были проанализированы научные мнения и концепции, высказанные в этом направлении. А также сделаны научные выводы в статье на основе художественных произведений, проведены необходимые сравнения.*

*Ключевые слова: язык, литература, текст, стилистика, лексика, стиль, система, образ автора.*

*\*K. E. Tilesk*

L. N. Gumilyov Eurasian National University,  
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 07.06.24.

Received in revised form 22.07.24.

Accepted for publication 26.08.24.

## STYLE IN LINGUISTICS AND LITERATURE STUDIES

*The article deals with the scientific problems of the stylistics of literary texts. By comparing scientific ideas and conclusions in works written on this issue, one can understand the true nature of the phenomenon of style in linguistics and poetics. The author paid attention to the actual theoretical and methodological aspects of this problem. Style is considered as a general philological phenomenon. The problem of style in linguistics and literary*

*studies is based on the opinions and scientific definitions of linguistic and literary scientists. Among them are the works of foreign and domestic scientists. In particular, we relied on the scientific results and conclusions of theoretical works by A. Baitursynuly, G. Vinokur, M. Polyakov and other scientists. The article uses methods of comparative and critical analysis. It can be said that the issues of style and the stylistics that follow from it are among the main components of recognizing a literary text. In order to fully understand and explain this system from a scientific point of view, it is necessary to differentiate the main linguistic and artistic phenomena and elements that make up it. Therefore, in order to fully explain the concept of style, it is necessary to uniformly consider its expression in linguistics and literature. Also, scientific conclusions are given. There are several styles according to the description of the literary text. Scientific opinions and concepts expressed in this direction were analyzed. Scientific conclusions in the article are based on the literary works and the necessary comparisons are made.*

*Keywords: language, literature, text, stylistic, lexis, style, system, figure of the author.*

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)